

## Белгілі санаттардағы тұлғалар үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Қобда аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 27 наурыздағы № 54 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 сәуірде № 3555 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 06 қаңтардағы № 01 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданының әкімдігінің 06.01.2015 № 01 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 5-2), 5-5), 5-6) тармақшаларына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қобда ауданының барлық меншік нысандарындағы ұйымдарда, мекемелерде және кәсіпорындарда мүгедектерді, қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғаларды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының жалпы санының үш пайыз мөлшерінде жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. «Қобда аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі мүгедектерді, қылмыстық – атқару инспекциясының пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғаларды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды жұмысқа орналастыру үшін квотаға сәйкес жұмыс орындарына жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Елеусіноваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК